



Қазақстан Республикасының білім және ғылым Министрлігі  
С. Торайғыров атындағы Павлодар Мемлекеттік Университеті  
Кәсіпорындағы экономика және басқару кафедрасы

050506 «Экономика» мамандықтың студенттеріне арналған

Өнеркәсіп салаларының экономикасы пәні бойынша

# **ЖҰМЫС БАҒДАРЛАМАСЫ**



**БЕКІТЕМІН**

Оқу ісі жөніндегі проректор

\_\_\_\_\_ Пфейфер Н.Э.

200\_\_ж. «\_\_» \_\_\_\_\_

Құрастырушы: аға оқытушы \_\_\_\_\_ Утебаева А.Б.

Кәсіпорындағы экономика және басқару кафедрасы

Өнеркәсіп салаларының экономикасы пәні бойынша

050506 «Экономика» мамандықтың студенттеріне арналған

Жұмыс бағдарламасы жұмыс оқу жоспарының негізінде әзірленген және С.Торайғыров атындағы ПМУ-нің ғылым кеңесі отырысында бекітілген

200\_\_ж. «\_\_» \_\_\_\_\_ № хаттама

Кафедра отырысында ұсынылған 200\_\_ ж. «\_\_» \_\_\_\_\_ № хаттама

Кафедра меңгерушісі \_\_\_\_\_ С. Қ. Қунызова

Қаржы-экономика факультетінің оқу-әдістемелік кеңесінде мақұланданған

200\_\_ж «\_\_» \_\_\_\_\_ № хаттамасы

ОӘК төрайымы \_\_\_\_\_ Л.А. Сидорова

**КЕЛІСІЛДІ**

Факультеті деканы \_\_\_\_\_ Т.Я.Эрназаров 200\_\_ж. «\_\_» \_\_\_\_\_

**ЖЖӘҚБ МАҚҰЛДАНДЫ**

ЖЖӘҚБ бастығы \_\_\_\_\_ Л.Т. Головерина 200\_\_ж. «\_\_» \_\_\_\_\_

# **1 Пәннің мақсаты мен міндеттері**

## **Пәннің мақсаты**

Өнеркәсіп салаларының экономикасы курсының мақсаты – бұл өнеркәсіп салаларында объективті экономикалық заңдылықтардың өндіргіш күштерді оптималды жұмсау кезіндегі жоғарғы жетістіктерге қол жеткізуге мүмкіндігін беретін жағдайлар мен факторларды оқып үйрену.

## **Курсты оқытудың міндеттері:**

- салалық маманданумен қатар нарықтық экономика жағдайындағы өнеркәсіп салаларының экономикалық қызметтерін қарастыру;
- өнеркәсіптік өндіру салаларының ролі, орны мен функцияларын оқып үйрену мен салалық және территориялық кешендерді құру;
- тиімділікті арттыру мақсатында өнеркәсіп салаларының шаруашылық міндеттеріні оптималды шешу жолдарын іздестіру, резервтерін табу, өсу жағдайын зерттеу;
- экономистер мен өндіріс басшылары қолданылатын өнеркәсіп салаларының инструментарий мен әдістерді терең зерттеу.

## **Студенттер пәнді оқу нәтижесінде тиісті түрде білуі керек:**

- өнеркәсіптің салаларының экономикалық қызметтерін білу керек;
- өнеркәсіпті орналастыру қағидаларын;
- өнеркәсіптік өндірісте қолданылатын ресурстарды білуі керек;
- өнеркәсіпті басқару органдарын және олардың қызметтерін білуі керек;
- өнеркәсіпті басқаруды тиімді ұйымдастыруда қолданылатын тәсілдерді білуі керек.

## **Студенттер пәнді оқу нәтижесінде тиісті түрде жасап білуі керек:**

- өнеркәсіптің салалық құрылымын анықтап, оған талдау жасай білу керек;
- белгілі көрсеткіштер негізінде өнеркәсіптің жеке салаларының дамуын талдап, оған сипаттама бере білу керек;
- өнеркәсіптік өндірісте, яғни өнеркәсіптің жеке салаларында қолданылатын ресурстар қажеттілігін анықтау керек;

## **Осыған дейін қарастырылған, байланысы тығыз пәндер тізімі:**

- өнеркәсіп экономикасы;
- кәсіпорын экономикасы;
- инновациялық менеджмент;
- стратегиялық менеджмент;
- микроэкономика;
- шағын бизнес негіздері;
- экономиканы мемлекеттік реттеу.

## 2 Пәннің мазмұны

2.1 050506 «Экономика» мамандықтың тақырыптық жоспары жоғары кәсіби негізіндегі, сырттай оқу нысаны, 2006 т.ж.

Пәннің  
тақырыптық жоспары  
7.18.2□07



ПМУ ҰС Н

ПӘННІҢ ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖОСПАРЫ				
№	Тақырыптың аталуы	Сағат саны		
		ДС	ТС	СӨЖ
1	2	3	4	5
1	Қазақстан өнеркәсібінің қазіргі уақыттағы жағдайы	0,5	1	13
11 13 2	Өнеркәсіптік саясатты құру және оны жүзеге асыру	1	1	13
4 Ө н ді рі сті ба сқа р у ор ган дар ы	Отын – энергетика кешенінің даму сипаттамасы	1	1	13
5	Тау-кен кешені кәсіпорындарының экономикасы мен оны ұйымдастыру	1	1	13
6	Машина жасау өндірісінің экономикасы	1	1	13
7	Мұнай өңдейтін кәсіпорындар дамуының ерекшеліктері	0,5	-	-
	<b>Барлығы</b>	<b>6</b>	<b>6</b>	<b>78</b>

3

### **3 Теориялық курстың мазмұны**

#### **3.1 Дәріс сабақтарының мазмұны**

##### **1 тақырып Қазақстан өнеркәсібінің қазіргі уақыттағы жағдайы**

Әртүрлі ерекшеліктеріне байланысты өнеркәсіп салаларының жіктелуі.

Қазақстан республикасының өнеркәсібінің қазіргі уақыттағы салалық құрылымы және оны реформалаудың негізгі бағыттары.

Өнеркәсіп дамуының негізгі көрсеткіштері және болашағы.

Қазақстан Республикасының экономика салаларындағы мемлекеттің құрылымдық – инвестициялық саясаты.

Өнеркәсіп кешенін және жекелеген кәсіпорындарды реформалау және қайта құрылымдау. Ірі өндірістерде мониторингі.

##### **2 тақырып Өнеркәсіптік саясатты құру және оны жүзеге асыру**

Экономикалық өсу және өнеркәсіп құрылымын жетілдіру. Өнеркәсіптік саясаттың жалпы ережелері, объектілері, қағидалары мен мақсаттары.

Өнеркәсіптік саясат тұжырымдамасы және оны жүзеге асыру механизмі.

Өнеркәсіптік өндірістің құрамы мен құрылымын құрудағы қазіргі уақыттағы тәсілі. Өндірістегі индикативті жоспарлау.

Импортты алмастыру республика өнеркәсібінің маңызды бағытының бірі. Экспортқа бағытталған және импортты алмастыратын даму стратегиясының диалектикасы.

### **3 тақырып Өндірісті басқару органдары**

Нарықтық экономикадағы өнеркәсіп өндірісінің негізгі элементтері. Өнеркәсіп өндірісіне мемлекеттің ықпал етуінің өзіндік ерешеліктері.

Елдің экономикалық даму деңгейі және өндірістің бәсекелестік қабілеттілігі. Өндірістің бәсеке қабілеттілігінің негізгі жағдайлары. Институционалдық құрылымының ерекшеліктері.

Мемлекеттік саясаттың негізгі атқаратын қызметтері, мақсаттары және құралдары. Бәсекелестік шаруашылық ортаны қолдау жөніндегі мемлекеттік саясат. Өнеркәсіп өндірісінің салалық құрылымына мемлекеттің тигізетін әсері.

Қазақстан Республикасының экономика министрлігі: құрылым сипаттамасы мен негізгі функциялары.

Қазақстан Республикасының Экономика және Сауда Министрлігінің негізгі функциялары. Қазақстан Республикасының энергетика және минералды ресурстар Министрлігінің ролі мен міндеттері.

### **4 тақырып Отын – энергетика кешенінің даму сипаттамасы**

Қазақстан Республикасының отын-энергетика кешенінің құрамы мен құрылымы. Қазақстан Республикасының отын энергетикалық балансы. Электроэнергетика ұлттық экономиканың маңызды инфрақұрылымдық саласы. Орта және ұзақ мерзімдік перспективаларда электроэнергетиканың даму тенденциялары. Электроэнергетикалық кәсіпорындардың қызметін ұйымдастыру және жоспарлау ерекшеліктері.

ҰМК “Казахойл” қызметінің сипаттамасы және мұнай өндіретін кәсіпорындардың дамуы. Мұнай өнеркәсібі дамуының болжамдары. Мұнай және мұнай өнімдерінің әлемдік нарығының жұмыс жасау механизмінің сипаттамасы. Қазақстан Республикасының мұнайтранспорттық инфрақұрылымы дамуының басымды жобаларын жүзеге асырудағы МТҰК “КазТрансОйл” негізгі міндеттері.

Қазақстан Республикасының отын-энергетика кешенінің дамуындағы газ өндірісінің алатын орны. Газ өндіретін кәсіпорындардың тиімділігін арттырудың негізгі бағыттары.

Көмір өндіру және оны қолдану саласындағы әлемдік тенденциялар. Қазақстан Республикасының көмір өндірісінің даму тенденциялары және қазіргі жағдайының сипаттамасы.

### **5 тақырып Тау-кен кешені кәсіпорындарының экономикасы мен оны ұйымдастыру**

Қазақстан Республикасының тау-кен өндірісінің сипаттамасы. Металлургия кешенінің жұмыс жасауының өзіндік ерекшелігі. Қазақстан Республикасының металлургиялық кешені кәсіпорындарының даму перспективалары.

Тау-кен кешенін басқару құрылымын рационалды ұйымдастырудың негізгі бағыттары.

### **6 тақырып Машина жасау өндірісінің экономикасы**

Машина жасау өндірісі – ғылыми-техникалық және инновациялық саясатты жүзеге асырудың негізгі бөлігі. Қазақстан Республикасындағы машина жасау өндірісінің салалық құрылымы және оны жетілдірудің негізгі бағыттары.

Машина жасаудағы ғылыми-техникалық прогрестің негізгі бағыттары. Машина жасаудағы жаңа техника мен технология тиімділігін анықтау әдістері. ҒЗТКЖ-дың экономикалық тиімділігін бағалау. Жаңа технология жасау үрдісін қаржыландыру және ынталандыру.

### **7 тақырып Мұнай өңдейтін кәсіпорындар дамуының ерекшеліктері**

Ұлттық импортты алмастыру бағдарламасын өткізудегі жеңіл өнеркәсіп кәсіпорындарының ролі. Тоқыма өнеркәсібінің қазіргі жағдайы және даму тенденциялары. Тері өңдеу және аяқ киім өнеркәсіптері дамуының негізгі бағыттары.

Жеңіл өнеркәсіп кәсіпорындарының тиімділігін арттыру бағыттары мен факторлары. Жеңіл өнеркәсіп кәсіпорындарын материалдық-техникалық қамтамасыз ету ерекшеліктері.

Жеңіл өнеркәсіп кәсіпорындарындағы өндірісті ұйымдастыру және ұйымдастыру нысандары.

Жеңіл өнеркәсіп салаларындағы өнімнің өзіндік құнының құрылымдық ерекшеліктері.

## **3.2 Тәжірибелік сабақтардың мазмұны**

Тәжірибелік сабақтар теорияны тәжірибемен қосатын және теориялық мәлеметтерды басқа жоғары деңгейде меңгеруге мүмкіндік беретін семинарлар мен тапсырмаларды арындау арқылы жүргізіледі.

### **1 тақырып Өндірісті басқару органдары**

1Негізгі сұрақтар:

1Өндірістің бәсеке қабілеттілігінің негізгі жағдайлары. Институционалдық құрылымының ерекшеліктері. Мемлекеттік саясаттың негізгі атқаратын қызметтері, мақсаттары және құралдары. Өнеркәсіп өндірісінің салалық құрылымына мемлекеттің тигізетін әсері.

2 Қазақстан Республикасының экономика министрлігі.

3 Қазақстан Республикасының Экономика және Сауда Министрлігі.

4 Қазақстан Республикасының энергетика және минералды ресурстар Министрлігі.

### **2 тақырып Отын – энергетика кешенінің даму сипаттамасы**

1Негізгі сұрақтар:

1 Қазақстан Республикасының отын-энергетика кешенінің құрамы мен құрылымы.

2 Қазақстан Республикасының отын энергетикалық балансы.

3 ҰМК “Казахойл”.

4 МТҰК “КазТрансОйл”.

5 Көмір өндіру.

**3 тақырып Тау-кен кешені кәсіпорындарының экономикасы мен оны ұйымдастыру**

1Негізгі сұрақтар:

- 1 Қазақстан Республикасының тау-кен кешені.
- 2 Metallургия кешені.
- 3 Қазақстан Республикасының металлургиялық кешені.
- 4Тау-кен кешені кәсіпорындарының экономикалық жағдайын сипаттайтын экономикалық көрсеткіштер жүйесі.

#### **4 тақырып Машина жасау өндірісінің экономикасы**

1Негізгі сұрақтар:

- 1 Машина жасау өндірісі: салалық құрылымын анықтау
- 2 Машина жасаудағы жаңа техника мен технология тиімділігін анықтау.
- 3 ҒЗТКЖ-дың экономикалық тиімділігін бағалау.
- 4 Жаңа технология жасау үрдісін қаржыландыру және ынталандыру.
- 5 Машина жасау өндірісінің экономикалық жағдайын сипаттайтын көрсеткіштер.

#### **5 тақырып Мұнай өңдейтін кәсіпорындар дамуының ерекшеліктері**

1Негізгі сұрақтар:

- 1 Қазақстан Республикасының мұнай өңдеуші кәсіпорындары.
- 2 Мұнай өңдеу өндірісін басқарудың ұйымдық құрылымы.
- 3 Мұнай өңдеуші кәсіпорындардағы негізгі және көмекші өндірісті ұйымдастыру.
- 4 Мұнай өңдеуші кәсіпорындардағы өндірісті жоспарлау және талдау.

#### **6 тақырып Тамақ өнеркәсібінің экономикасы**

1Негізгі сұрақтар:

- 1 Тамақ кешені кәсіпорындарының жұмыс істеуінің тиімділігіне әсер ететін негізгі факторлар.
- 2Тамақ өнеркәсібі кешені кәсіпорындарының бәсеке қабілеттілігі және өнім сапасын басқару.
- 3Тамақ өнеркәсібінің өніміне баға белгілеу ерекшеліктері.
- 4Агроөнеркәсіптік интеграция - өндіріс тиімділігін жоғарлату факторлары.

### **3.3 Студенттердің өзіндік жұмысының мазмұны**

#### **3.3.1 050506 «Экономика» студеттеріне өзіндік жұмысының мазмұны**

№	СӨЖ түрі	Есеп түрі	Бақылау түрі	Сағаттағы көлемі
1	Дәріс сабақтарына дайындалу	Жұмыс дәптері	Сабақтарға қатысу	8
2	Тәжірибелік сабақтарға дайындалу	Жұмыс дәптері	Сабақтарға қатысу	16
3	Дәріс материалына енбеген оқуға міндетті тақырыптарды әзірлеу	Конспект	-	8
4	Бақылау жұмысын	Бақылау	Бақылау	26



	дайындалу	жұмыс	жұмыс	
5	Межелік бақылауға дайындалу	-	МБ-1 МБ-2	10 10
	Барлығы			78

### **3.3.2 Студенттердің өзіндік жұмыстарының тақырыптары**

#### **1 тақырып Қазақстан өнеркәсібінің қазіргі уақыттағы жағдайы**

Қазақстан Республикасы өнеркәсібінің қазіргі уақыттағы салалық құрылымы және оны реформалаудың негізгі бағыттары. Қазақстан Республикасының экономика салаларындағы мемлекеттің құрылымдық – инвестициялық саясаты.

Өнеркәсіп дамуының негізгі көрсеткіштері және болашағы.

Бақылау түрі: сұрақтарға ауызша жауап беру

Әдебиет [1,2,3,4,8]

#### **2 тақырып Өнеркәсіптік саясатты құру және оны жүзеге асыру**

Экономикалық өсу және өнеркәсіп құрылымын жетілдіру. Өнеркәсіптік саясаттың жалпы ережелері, объектілері, қағидалары мен мақсаттары. Өнеркәсіптік өндірістің құрамы мен құрылымын құрудағы қазіргі уақыттағы тәсілі. Өндірістегі индикативті жоспарлау.

Бақылау түрі: сұрақтарға ауызша жауап беру

Әдебиет [2,3,4]

#### **3 тақырып Өндірісті басқару органдары**

Өнеркәсіп өндірісіне мемлекеттің ықпал етуінің өзіндік ерешеліктері.

Өнеркәсіп өндірісінің салалық құрылымына мемлекеттің тигізетін әсері.

Қазақстан Республикасының экономика министрлігі: құрылым сипаттамасы мен негізгі функциялары.

Қазақстан Республикасының Экономика және Сауда Министрлігінің негізгі функциялары.

Қазақстан Республикасының энергетика және минералды ресурстар Министрлігінің ролі мен міндеттері.

Бақылау түрі: сұрақтарға ауызша жауап беру

Әдебиет [2,3,4]

#### **4 тақырып Отын – энергетика кешенінің даму сипаттамасы**

Қазақстан Республикасының отын-энергетика кешенінің құрамы мен құрылымы. Қазақстан Республикасының отын энергетикалық балансы. Электроэнергетика ұлттық экономиканың маңызды инфрақұрылымдық саласы. Орта және ұзақ мерзімдік перспективаларда электроэнергетиканың даму тенденциялары. Электроэнергетикалық кәсіпорындардың қызметін ұйымдастыру және жоспарлау ерекшеліктері.

Бақылау түрі: сұрақтарға ауызша жауап беру

Әдебиет [2,3,4]

## **5 тақырып Тау-кен кешені кәсіпорындарының экономикасы мен оны ұйымдастыру**

Қазақстан Республикасының тау-кен өндірісінің сипаттамасы. Қазақстан Республикасының металлургиялық кешені кәсіпорындарының даму перспективалары.

Бақылау түрі: сұрақтарға ауызша жауап беру  
Әдебиет [2,3,4]

## **6 тақырып Машина жасау өндірісінің экономикасы**

Машина жасау өндірісі – ғылыми-техникалық және инновациялық саясатты жүзеге асырудың негізгі бөлігі. Қазақстан Республикасындағы машина жасау өндірісінің салалық құрылымы және оны жетілдірудің негізгі бағыттары.

Бақылау түрі: сұрақтарға ауызша жауап беру  
Әдебиет [2,3,4]

Сырттай оқыту бөлімінің студенттерімен орындалатын бақылау жұмысы дегеніміз студенттердің берілген материалдарды ғылыми тұрғыдан өз бетімен және шығармашылық жағынан орындауы. Ол студенттің сол саладағы білімін және нақты мәселеге деген көзқарасын сипаттайды және сонымен бірге студенттердің өзіндік жұмыстарды орындау қабілетін арттыруда басты роль атқарады.

“Өнеркәсіп салаларының экономикасы” пәні бойынша бақылау жұмысын орындаудың мақсаты осы пәннің теориялық мағұлыматтарын түсініп, оны тереңдету және кеңейту.

Бақылау жұмысын орындамас бұрын студент ең алдымен ұсынылатын әдебиеттерге шолу жасап, зерттеу керек.

Бақылау жұмысы теориялық және тәжірбиелік бөлімдерден тұрады. Бірінші бөлімде студент мәселелердің териялық жағдайын қарастырады, ал екінші бөлімде белгілі бір нақты тәжірбиелік жағдайды шешеді.

Бақылау жұмысында бір сұраққа жауап беріп, үш есеп шығару керек. Сұрақтардың нөмірі студент фамилиясының бірінші әріпі мен студенттің сынақ кітапшасының шифрінің соңғы цифрі бойынша тандалады.

## Әдебиет

### Негізгі

- 1 Конституция РК. – Алматы. - 1995.
- 2 Гражданский кодекс РК. – Алматы. - 1994.
- 3 Указ Президента РК “О мерах дальнейшей реализации стратегии развития Казахстана до 2030г.” – Казахстанская правда, 12 декабря 2002г.
- 4 Бердалиев К.Б. Основы управления экономикой Казахстана. – Алматы: КазГАУ, 1998.
- 5 Грузинов В.П. Экономика предприятия.-М.: Банки и биржи, ЮНИТИ.-1998.
- 6 Зайцев Н.Л. Экономика промышленного предприятия.-М.: ИНФРА-М.-1999.
- 7 Канатчинова А.К. Промышленная политика государства в переходный период (регулирование, проблемы, перспективы) кн.1-Алматы: Ғылым, 1999.
- 8 Канатчинова А.К., Оспанов Х.А. Модернизация структуры производства промышленности РК. –Алматы: Ғылым, 2000.
- 9 Омаров Б.Р., Омаров К.Т. Организация и методология регионального планирования социально-экономического развития. Уч. Пособие, Алматы: Экономика, 2000.

10 Экономика предприятия: учебник для вузов / Под ред. Н.А.Сафронова. – М.:Юристъ.-2001.

11 Экономика предприятия: Учебник / Ф.К.Беа, Э.Дихтла, М.Швайтцера. – М.: ИНФРА-М. – 1999г.

### **Қосымша**

1 Асонов Г.Ф., Хуторненко О.А., Шалбий Е.И. Особенности экономической культуры в США, Японии, странах Западной Европы. – Киев, 1992.

2 Хэй Д. Моррим Д. Теория организации промышленности: в 2-х томах/Пер. С англ. Под ред. А.Слуцкого, Спб: Экономическая школа, 1999г.

3 Справочник директора предприятия / Под ред. М.Г.Лапусты. – М.: ИНФРА-М. – 1996.



**4 050506 «Экономика» мамандықтының оқу жұмыс жоспарынан көшірме**

**Пән атауы Өнеркәсіп салаларының экономикасы**

Оқу түрі	Бақылау түрі						Сағаттағы жұмыс көлемі			Семестр бойынша сағатты бөлу							
	ЕМТ.	сын.	жұм курс.проект	жұм.курс.	ЕГЖ	жұм.бақылау	барлығы			Дәріс.	практ.	лаб.	СӨЖ	Дәріс.	практ.	лаб.	СӨЖ
							жал	ауд	СӨЖ								
Жоғары кәсіби білім негізінде, сырттай оқу нысаны, түскен жылы 2006	6					6	90	12	78	5 семестр				6 семестр			
										6					6		















